



**НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ КАЧЕСТВА В ОБРАЗОВАНИИ (IQAA)**

**ОТЧЕТ
ПО ВНЕШНЕМУ АУДИТУ (ВИЗИТУ)
в Университет «Мирас»,**

**составленный экспертной группой
Независимого агентства
по обеспечению качества в образовании**

**после изучения отчета по самооценке и внешнего аудита организации
образования в рамках специализированной (программной)
аккредитации образовательной программы
5B011700 – «Казахский язык и литература»**

23-24 ноября 2017 года

г. Шымкент, 2017г

**СОДЕРЖАНИЕ**

ГЛАВА 1 КОНТЕКСТ И ЦЕЛИ ВИЗИТА	
Введение.....	5
Основные характеристики вуза.....	5
ГЛАВА 2 ОТЧЕТ О ВНЕШНЕМ АУДИТЕ ЭКСПЕРТНОЙ ГРУППЫ	
Соответствие стандартам специализированной (программной) аккредитации	
Введение.....	7
<i>Стандарт1</i>	
Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества.....	7
<i>Стандарт2</i>	
Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией.....	9
<i>Стандарт3</i>	
Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка.....	11
<i>Стандарт4</i>	
Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация.....	14
<i>Стандарт 5</i>	
Профессорско-преподавательский состав.....	16
<i>Стандарт 6</i>	
Учебные ресурсы и поддержка студентов.....	18
<i>Стандарт7</i>	
Информирование общественности.....	20
ГЛАВА 3	
ЗАКЛЮЧЕНИЕ	21
ПРИЛОЖЕНИЯ	
<i>Приложение 1</i>	
Программа внешнего визита.....	24
<i>Приложение 2</i>	
Список всех участников интервью.....	27



СОСТАВ ВНЕШНЕЙ ЭКСПЕРТНОЙ ГРУППЫ



Досмагамбетова Сауле Саркантаевна,
руководитель группы,
д.х.н., профессор кафедры химии ЕНУ имени Л.Н.Гумилева



Сухова Елена Ивановна,
международный эксперт, д.п.н., профессор Департамента
педагогике Института педагогики и психологии Московского
городского педагогического университета,
Ибадуллаева Салтанат Жарылкасыновна,



эксперт, д.б.н., профессор кафедры биологии и географии
Кызылординского государственного университета имени
Коркыт Ата



Турдалиева Шолпан Турсумбаевна,
эксперт, к.пс.н., доцент кафедры педагогики и психологии
ТарГУ имени М.Х.Дулати



Кенжебаева Гульдарига Мерекебаевна,
эксперт, к.п.н., доцент кафедры теории и методики казахского
языка Казахского национального педагогического
университета имени Абая



Загатова Сауле Базыловна,
эксперт, к.ф.н., профессор кафедры иностранных языков
Евразийского гуманитарного института,



Камзина Надежда Еновна,
эксперт, кандидат искусствоведения, доцент кафедры
архитектуры и дизайна Инновационного Евразийского
университета,



Ахтаев Мухтар Бексултанович,
эксперт, зам. директора по научно-методической работе
филиала АО «Орлеу» по Южно-Казахстанской области



Құрманбекова Камшат Алтайқызы
эксперт, студентка 3-го курса специальности 5В011200 –
Химия Южно-Казахстанского государственного
педагогического университета



ГЛАВА 1 КОНТЕКСТ И ЦЕЛИ ВИЗИТА

Введение

Внешний визит экспертной группы в рамках процедуры специализированной аккредитации в Университет «Мирас» проходил в течение двух рабочих дней – с 29-го по 30-е ноября 2017 г. Состав экспертной группы в количестве 9 человек на кластер соответствовал требованиям европейской модели команды для внешнего аудита.

Внешний аудит проходил в соответствии с программой, разработанной руководителем экспертной группы совместно с НКАОКО и согласованной с руководством Университета «Мирас». Все необходимые для работы материалы (программа визита, отчет по самооценке образовательной программы, Руководство по организации и проведению процедуры внешнего аудита, рекомендации по оценке стандартов аккредитации, Кодекс чести эксперта, шаблон отчета) были представлены членам экспертной группы за месяц до начала визита в организацию образования, что обеспечило возможность своевременно подготовиться к процедуре внешней оценки.

Встреча с руководством Университета «Мирас» дала возможность команде экспертов официально познакомиться с президентом университета М.Б. Мырзалиевым, который кратко дал общую характеристику вуза, отметил достижения вуза последних лет, обосновал стратегию развития вуза, представил проректоров по направлениям.

Запланированные мероприятия по внешнему визиту способствовали более подробному ознакомлению со структурой университета, его материально-технической базой, профессорско-преподавательским составом факультета, выпускающими кафедрами, студентами, выпускниками, работодателями университета и позволил внешним экспертам провести независимую оценку соответствия данных отчета по самооценке образовательной программы вуза.

Визуальный осмотр проводился с целью получения общего представления об организации учебного процесса, о материально-технической базе, определения ее соответствия стандартам, а также для контактов с обучающимися и сотрудниками на их рабочих местах. Экспертами был проведен осмотр учебного корпуса, кафедр, офиса регистратора, научных центров, библиотеки и др.

В процессе проведения внешнего аудита эксперты проводили изучение документации кафедр и выборочное посещение учебных занятий с целью более детального ознакомления с документооборотом, учебно-методическим и материально-техническим обеспечением.



Основная характеристика вуза

Университет «Мирас» образован в мае 1997 года (свидетельство о государственной перерегистрации юридического лица № 684-1958-23-У-е от 28.05.2015 г., дата первичной государственной регистрации - 28.05.1997 г.) на базе научно-учебного центра МКТУ им. А.Яссави, созданного Министерством образования и науки РК в августе 1996 года, как центр по обработке образовательных технологий по международным стандартам.

Университет «Мирас» осуществляет образовательную, научно-исследовательскую и финансово-хозяйственную деятельность на основании следующих документов:

– Государственная лицензия на право ведения образовательной деятельности в сфере высшего и послевузовского профессионального образования № АБ № 0137422 от 3 февраля 2010 года и приложения к ней (выдана Министерством образования и науки РК)

– учредительный договор Учреждения «Университет Мирас»;

– устав Учреждения «Университет Мирас», утвержденный протоколом общего собрания №2 от 20 мая 2015 года, зарегистрированный в Департаменте юстиции г.Шымкент Министерства юстиции Республики Казахстан 28 мая 2015 года;

– свидетельство о государственной регистрации, № 0527655 серия регистрационный номер 5329-1958-у-е, бин 970 540 003 687 от 28 мая 1997 г.

Основными органами управления Университета «Мирас» являются Общее собрание учредителей, Ученый совет, Учебно-методический совет. В 2015 году в качестве коллегиального органа управления организован Попечительский совет.

Миссия Университета Мирас - «Доступное образование для качественной жизни».

Университет реализует 19 образовательных программ бакалавриата и 5 программ магистратуры. Контингент обучающихся составил на 2017-2018 учебный год 5114 человек, из них очно учатся 3444, заочно 832 и на вечерней форме обучения 626 студентов. В вузе 212 магистрантов, 128 иностранных студентов.

Материальную базу составляют 5 учебных корпусов, в них более 200 учебных аудиторий, 30 лабораторий и специализированных кабинетов, тестовый центр на 230 компьютеров, кроме этого еще 10 компьютерных классов.



ГЛАВА 2 ЭКСПЕРТТІК ТОПТЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША ЕСЕБЫ

ҚІРІСПЕ

«Мирас» университетінде «5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы 2005 жылы ашылған. Мамандық бойынша студенттердің жалпы контингенті-күндізгі, кешкі, сырттай бөлімдер бойынша -78студент.

5B011700 – «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы ҚР білім беру ұлттық стратегиясы есебінде бакалавр дайындауға бағытталған және ҚР ББЖҒМ білім беру және ғылым саласын бақылау Комитеті берген (лицензия берілген уақыты 03.02.2010 ж.) АБ №0137422 Мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырылады. Лицензияның жарамдылық уақыты - шектелмеген. Лицензияға қосымша АБ №0137422 ББЖҒССБ ҚР ББЖҒМ.

5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бакалавриаттың білім беру бағдарламасы, ҚР жоғары білімінің мақсаттары мен міндеттеріне, мемлекеттік білім беру стандарттарына, Мирас университетінің миссиясына сәйкес жүзеге асырылады және қажетті құқықтық және нормативтік базамен қамтамасыз етілген.

Білім беру бағдарламасы қажетті, бәсекеге қабілетті және кәсіби деңгейі жоғары қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін дайындауға, заманауи оқыту әдістерін игерген, білім берудің қазіргі жағдайын бағалауға және талдауға қабілетті, кәсіби саладағы мәселелерді анықтайтын, өзінің кәсіби саласындағы мәселені ашу және білім беру технологиясы үрдісін бағдарлайтын маман дайындауға бағытталған.

«5B011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының білім беру бағдарламасын іске асыруда университет тарапынан жақсы жабдықталған материалдық-техникалық базасының болуы жоғары білім нәтижелеріне қол жеткізудің негізгі критерийлерінің бірі болып табылады.

ББ бойынша білім беру нәтижелерін бағалауда білім алушылардың кәсіби құзыреттілігінің жоғары болуы жұмыспен қамтуда және одан әрі еңбек қызметінде түлектердің табысты қарым-қатынас жасау мүмкіндігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Берілген модель бітірушілердің негізгі құзыреттіліктерінің сипаттамасын, олардың әзірлену дәрежесін және белгілі бір кәсіби қызметтерді атқаруға дайындық деңгейін білдіреді.



Мамандандырылған аккредитеудің стандарттарына сәйкестік
1- СТАНДАРТ. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ
МАҚСАТТАРЫ МЕН САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ
САЯСАТ

Талдау мен айғақтар

«5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының білім беру бағдарламасының мақсаттары университеттің «Сапалы өмір үшін қолжетімді білім» атты миссиясымен сабақтас іске асырылады. Мамандықтың білім беру бағдарламасы ҚР білім беру ұлттық стратегиясы есебінде бакалавр дайындауға бағытталған және ҚР БЖҒМ білім беру және ғылым саласын бақылау комитеті берген (лицензия берілген уақыты 03.02.2010 ж.) АБ №0137422 Мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырылады.

Маман шығарушы кафедраның мақсаты педагогикалық бағыт бойынша оқытудың инновациялық технологияларын басшылыққа ала отырып бәсекелестікке қабілетті, құзыреттілігі жоғары, білім беру, мәдени ортада және басқа салаларда кәсіби қызмет етуге дайын мамандар даярлауға бағытталған. Университетте аталған мақсаттарды іске асырудың механизмі жолға қойылған. Атап айтсақ, сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат қызметкерлер мен білім алушылардың қатысуымен дайындалып, бөлім басшыларының талқылауынан кейін ЖОО Ғылыми кеңесінде бекітіледі (ҒК 31.03.2017ж №8 жиналысы). Мамандықтың білім беру бағдарламасы МЖМБС және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Үкіметінің 13.05.2016 ж. №292 қаулысы), ҚР БЖҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «Кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері» негізінде дайындалған. Мамандықтың үлгілік оқу жоспарына, кәсіби стандарттар мен БББ қойылатын нормативті талаптарға сәйкес.

БББ толыққанды жүзеге асырылуы оқу жылының соңында өткізілетін мониторинг арқылы анықталады. Оның нәтижесі келесі оқу жылының мақсаттарын айқындайды. Университетте мониторинг төмендегідей жұмыстар бойынша жүргізіледі: мемлекеттік емтихан нәтижелері, диплом жұмыстарын қорғау, бақылау-бағалау жүйелері, аралық бақылау (рейтингтер), қорытынды бақылаулар (емтихандар), курстық жұмысты қорғау, іс-тәжірибе есептері т.б. Студенттер сауалнамасы үш бағытта: «ПОҚ бағалау: 2015 жылы 69,7%; 2016 жылы 77,6%; 2017 жылы 76%», «Білім беру бағдарламаларын бағалау: 2015 жылы 80,1%; 2016 жылы 75,5%; 2017 жылы 80%», «Ресурстар: оқулық, оқу құралдары, кітапхана қоры: 87,9%; 2016 жылы 89,6%; 2017 жылы 88% » жүргізіледі. Мамандық бойынша іс-тәжірибеден өтудің қорытындысын



студенттердің 25% қанағаттанарлық деп санайды, қалғандары 4 балға бағалайды.

Университет базасында 2012 жылдан бастап Оқу процесін басқарудың автоматтандырылған жүйесі енгізілген, 2016 жылы авторлық құқықты бекітетін патент алынған. Жүйе бойынша -Білімгерлер порталы; -Білімгерлерге қызмет көрсету орталығы жұмыс жасайды. Онда Directum электронды құжат айналымы жүйесі, контингентпен, қаржылық ақпаратпен, бұйрықтарды рәсімдеу, білімгерлердің академиялық тарихын, білім беру бағдарламаларының мазмұнын көрсететін ағымдық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру, кету қағазы мен бұйрықтар, анықтамалық ақпараттар, транскриптер т.б. Орталықтандырылған жүйеде жұмыс жасайды.

Сонымен, кафедраның даму стратегиясы, мақсат-міндеттері, көрсетілетін қызметтері университеттің «Сапалы өмір үшін қолжетімді білім» атты миссиясымен бір бағытта жүргізіледі. 5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының білім сапасы сауалнамалар арқылы үнемі назарда ұсталады. Білім беру бағдарламасы мақсаттарын бағалау үшін ОПҚ, қызметкерлер мен білімгерлер, жұмыс берушілер мен басқа мүдделі тұлғалар арасында сауалнамалар жүргізу арқылы білім беру сапасы жандандырылып отырады.

«5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының білім бағдарламасына қатысты ақпараттары университеттің веб-сайтында қолжетімді. ОПҚ мен білім алушылармен сұхбат барысында олардың мамандандырылған аккредитацияның мақсат-міндеттерімен жақсы таныс екендіктері анықталды.

Білім алушылармен сұхбат барысында эдвайзерлердің әр курста пән таңдауда мамандықтың типтік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде әр білім алушыға білім алу траекторияларын анықтап, олардың жеке оқу жоспарларын (ЖОЖ) құруға көмектесетіндіктері айқындалды.

Силлабустың электронды нұсқасы университеттің ақпарат жүйесінде де, білім алушының қолында да бар. Онда студент әр пән бойынша пәннің пререквизитті мен постреквизитін көре алады. Бұл білім алушыға білім алу траекториясын дұрыс құруға және пән оқытушысын таңдауға мүмкіндік береді.

Оқу, педагогикалық, өндірістік іс-тәжірибеден өтуге арналған іс-тәжірибе базалары жеткілікті және педагогикалық-іскерлік қарым-қатынас орнаған.

Ұтымды жақтары:

Білім беру бағдарламасының мақсаттары анық, білім беру жүйесінің барлық бағыттарын қамтиды, тұтынушылар талаптарын қанағаттандырады. Мақсатқа қол жеткізудің тиімді жақтары бар.

Білім беру бағдарламасы нормативтік құжаттар негізінде жүйелі түрде ҚР МЖМБС, типтік оқу жоспары, жұмыс оқу жоспары, оқу бағдарламасы, силлабус, әр пән бойынша оқу-әдістемелік нұсқаулықтар, білім алушының оқу-әдістемелік кешендерімен қамтамасыз етілген.



2- СТАНДАРТ. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ

Талдау мен айғақтар

Мамандықтың білім беру бағдарламасын талқылау мен бекіту процедурасы бірнеше кезеңнен өтеді. БББ құрастырылу барысында кафедра БББ ҚР Үкіметінің 23.08.2012 ж № 1080 Қаулысымен бекітілген ЖБМЖМС сәйкес, Үлгілік оқу жоспарын негізге ала отырып, міндетті компоненттің сабақ атаулары, саны, көлемі мен мазмұны, кәсіби тәжірибелерге бөлінетін кредиттер көлемі, қазақстандық және ECTS кредиттері негізінде құрастырылады. Бағдарламаның құрылымы үшдеңгейлі білім берудің Дублиндік дескрипторларына сәйкес. Модульді білім беру бағдарламасы ҚР БжҒМ 20.04.2011 жылғы «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы» №152 бұйрығының негізінде құрастырылған. Құрастырылған бағдарлама сараптау үшін жұмыс берушілерге ұсынылады. Олар өз кезегінде элективті пәндер каталогына өз ұсыныстарын қосады. Кафедра өз кезегінде бағдарламаны ұсыныстармен толықтырып, факультеттің әдістемелік отырысында талқылайды. Ғылыми-әдістемелік кеңестен өткен бағдарлама университеттің Ғылыми кеңесі отырысында бекітіліп, ректордың қолы мен университет мөрімен расталады (31.05.2017ж № 10 хаттама).

МБББ мазмұны төмендегідей жалпы және кәсіби құзыреттіліктерді қамтиды:

- педагогикалық инновация, технология, интеграция теориясын білу және түсіну;
- іс-тәжірибеде әлеуметтік-педагогикалық шарттарды ескеріп, кәсіби қызметте теориялық білімін қолдану;
- кәсіби қызметіне икемделу, сыни ойлау қабілетінің болуы;
- мобилді, икемді болу, ортақ шешім таба білу, ұжыммен бірге болу;
- кәсіби және жеке өсуге ұмтылу;
- алған білімін жүйелі және сабақтастыра ұсына білу.

«5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының элективті пәндер каталогы университет сайтында көрсетілген. Орта және жалпы білім беру мекемелеріндегі жаңартылған білім бағдарламасы бойынша оқу мазмұнындағы өзгерістер педагогикалық мамандықтардың бәріне қатысты. Осы бағытта «5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының элективті пәндер курсына жаңа мазмұнды қамтитын пәндер енгізу қажеттілігі күн тәртібіндегі мәселе.

Мамандық бойынша ОЖЖ кәсіби тәжірибенің түрлері, мерзімі, кредит саны үлгілік оқу жоспарына сәйкес нақты көрсетілген. Кәсіби тәжірибені



рәсімдеу мен ұйымдастыру процесі, университеттің «Кәсіби тәжірибе туралы қағидасында» көрсетілгендей тәжірибе өту базалары: Ұлықбек атындағы № 3 ЖОМ және «Мирас» колледжі, Баласағұн атындағы №6 ЖОМ-мен «Мирас» университеті арасында келісімшарт жасалған.

Университетте БББ оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етудің электронды базасы жолға қойылған. ПОӘК электронды нұсқасы Білімгер порталында орналастырылған, сабаққа дайындалу үшін қолжетімді.

Сонымен, «5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша мамандарды дайындау оқытудың кредиттік технологиясы бойынша нормативті құжаттарды басшылыққа ала отырып жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламасын әзірлеу, бекіту ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес. Оқу-жұмыс жоспарының мазмұны мен құрылымы типтік оқу жоспарына сай.

Жұмыс оқу жоспарын құруда жұмыс берушілер мен білім алушылар ұсынысы назарға алынады. Мысалы: 4 курс студенті Б. Айдарәлі каталогқа «Педагогикалық шығармашылық» пәнін енгізуге ұсыныс жасаған.

Мамандықтың элективті пәндер каталогы университет сайтында орналастырылған. Мысалы: орыс тілінде: <http://miras.edu.kz/university/index.php/ru/students-ru/katalogi-elektivnykh-distsiplin>. Қазақ тілінде: <http://miras.edu.kz/university/index.php/kz/students-ru/katalogi-elektivnykh-distsiplin-kz>.

Ұтымды жақтары:

«5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бакалавриаттың білім беру бағдарламасы ғылыми, теориялық және кәсіби, әлеуметтік құзыреттіліктерге бағытталған тәжірибелік талаптарға сай құрылған.

Кафедрада жүргізілетін барлық пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер құрастырылған. Оқу-әдістемелік кешендерді құрастыру, іс-тәжірибелік практикадан өтуді ұйымдастыру нұсқаулықтары бар. Оқу сапасын жетілдіру мақсатында мониторинг үнемі жүргізіліп отырады.

Тәжірибелік базалармен іскери қарым-қатынас орнатылған.

Ескерту:

«5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы студенттерінің болашақ қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі екендігін ескерсек МОП бойынша әдістемеге қатысты элективті пәндер аз жоспарланған.

Ұсыныс:

МОП құрастыруда мамандықтың болашақ педагогтар дайындайтындығын ескеріп, жалпы білім беретін мектептердегі жаңартылған білім бағдарламасы мазмұнын қамтитын элективті пәндер енгізілсін.



3- СТАНДАРТ. СТУДЕНТТИК ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Талдау мен айғақтар

«5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы 2005 жылы ашылған. Оқу мерзімі күндізгі бөлім-4 жыл, кешкі бөлім-5 жыл, сырттай бөлім (кәсіптік білім базасында)-3 жыл.

«5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының Білім беру бағдарламасы ҚР Үкіметінің 23.08.2012 ж № 1080 Қаулысымен бекітілген ЖБМЖМС сәйкес, Үлгілік оқу жоспарын негізге ала отырып, ҚР БЖҒМ 20.04.2011 жылғы «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы» №152 бұйрығының негізінде құрастырылған.

Мамандық бойынша контингент көрсеткіші: күндізгі бөлім- 1- 4 курстар бойынша барлығы - 67 студент; сырттай оқу бөлімінде -3 студент; кешкі оқу бөлімінде -8 студент.

Мамандық бойынша оқуға қабылдау кезінде университет өз тарапынан төмендегідей қажеттіліктерді қанағаттандыруға жұмыстанады:

А) Базалық білім беру (БББ арқылы жүзеге асырылады);

Б) Жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру (іс-тәжірибе базалары және серіктестік бағдарламаларды жетілдіру);

В) Төлем қабілеті (түрлі санаттар үшін 100% дейін жеңілдіктер қарастырылған);

Г) Қаржыландыру көзі (төлемді үшінші тұлға немесе мемлекеттік қаржыландыруға рұхсат етіледі);

Д) Мүгедектік, отбасылық жағдайлар (әлеуметтік жеңілдіктер ұсынылады).

Кафедрадағы құжаттармен танысу, білім алушылармен сұхбаттасу барысында «5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы студенттерінің академиялық ұтқырлық бойынша жұмыс сапасын көтеру үшін Қазақстанның әр облыстарымен әріптестік байланыс жасап, студент алмасу жұмыстарын жолға қою керектігі байқалды.

Университетте «5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы студенттерінің ББ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі траекториясы бойынша құрастырылған. Білім алушының мамандығына сай кәсіби, коммуникативтілік құзыреттіліктерін меңгеруіне толық жағдай жасалған. Білім алушы өзіне қажетті құжатты оқу процесінде болсын, жекелей болсын кез-келген уақытта электронды түрде алу мүмкіндігі қарастырылған.

Эдвайзердің көмегімен білім алушы бір жылға меңгеретін кредиттерін анықтайды. Ары қарай тіркеуші кеңсесінің қызметі туралы ережеде сипатталған процедураға сай рәсімделеді. Факультет деканының қолымен расталады.



Білім алушыларды кәсіби маман ретінде дайындау үшін міндетті, элективті пән мазмұнын меңгеру инновациялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Дегенмен семинар, практикалық сабақтарды жүргізуде оқытушылар интербелсенді әдіс-тәсілдерді жүйелі қолданса сабақ сапасы арта түсетіні сөзсіз.

Университетте білім алушылардың оқу процесімен қатар жеке тұлғаның шығармашылық дамуына бағытталған мәдени, рухани демалысы да жолға қойылған. Түрлі клубтар жұмыс істейді: Кино клубы, Эко-жексенбі, Сұлулық клубы, Театр клубы, Қайырымдылық клубы т.б.

Тілдік пәндер кафедрасында «5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша «Қазақ тілі қоғамы» атты ғылыми үйірме жұмыс істейді. 2016-2017 оқу жылында үйірме жұмысына 25 студент қатысып, 5 баяндама тыңдалған.

Студенттер ғылыми жұмыстарға қатысып отырады. Мысалы: «Қазақстан халықаралық білім беру кеңістігінде» атты Жас ғалымдардың ҮІІІ халықаралық ғылыми конференциясы (Абай атындағы ҚазҰПУ)/ «Казахстан в международном образовательном пространстве» - ҮІІІ Международная научная конференция молодых ученых. 4 курс студенттері: Оңғарбаева Роза, Анапия Жанна қатысқан. «Мирас» университетінде өткізілетін кезекті студенттер конференциясына Әбди Ж., Анапия Ж., Оңғарбаева Р. (29-30 қараша 2016 ж.) қатысқан.

Университетте білім алушылардың білімін бақылау мен бағалау, аралық бақылау мен қорытынды аттестациялау жүйелі жолға қойылған. Бағалау білім алушылардың қорытынды аттестациясын өткізу туралы ережесіне сай.

Сонымен студенттердің жеке оқу жоспары мемлекеттік стандартта көрсетілген міндетті пәндер мен элективті пәндер каталогы негізінде құрастырылған.

Білім алушылардың оқу жетістіктері МЖМББС-ны сәйкес білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша ағымдығы үлгерімнен-баллдарының 60 %, емтихандық бағалаудан 40 %, барлығы 100 балл шкаласында бағаланады. Білім алушылардың ағымдық білім сапасын қадағалау үшін мониторинг жүйелі жүргізіледі. Қорытындысы университеттің ресми сайтындағы Студент Порталында көрініп тұрады.

Студенттерді кәсіби мамандыққа баулу мақсатындағы іс-тәжірибе өткізетін мектеп, колледждермен келісім-шарттар жасалынған. Аталған жұмыстардың барлығы төмендегі Ережелерге негізделген:

ҚР «Білім туралы» Заңы, №319-ІІІ ҚРЗ, 27 шілде 2007 ж; ҚР Үкіметінің 17 мамыр 2013 жылғы №499 Қаулысы. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметтік үлгілік ережелері; ҚР Үкіметінің 23.08.2012 жылғы №1080 Қаулысы. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің БМЖМС; ҚР БжҒМ 18.03.08ж. №125 бұйрығы. Білім алушылардың үлгеріміне



ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы.

Білім алушылармен сұхбат кезінде олардың кәсіби құзыреттіліктері, еркіндігі, университеттің қоғамдық жұмыстарына қатысу белсенділіктері байқалды.

Ұтымды жақтары:

Университеттің құрылымдық бөлімшелері білім алушыларға ББ аясында оқу үдерісін қамтамасыз етуде олардың мүддесін бірінші орынға қойған.

Білім алушылардың ар-намыс кодексі, білім алуға, бағалауға байланысты жұмыс түрлері жүйелі ұйымдастырылған, Студент порталында бәріне қолжетімді.

Кітапхананың электронды қоры жасақталған. Студенттерді ғылыми жұмыстарға тарту жолға қойылған.

Білім алушының рухани-мәдени өсуіне Жастар комитеті тарапынан қолдау көрсетіледі.

Ескерту:

1. 5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша академиялық ұтқырлық төмен дәрежеде.

2. Оқытудың интербелсенді әдістері семинар, практикалық сабақтарда қанағаттанарлық дәрежеде қолданылмайды.

Ұсыныс:

1. 5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы студенттерін тәжірибе алмасу мақсатында Қазақстанның әр облыстарына академиялық ұтқырлық бойынша жолдау жүзеге асырылсын.

2. Студент құзыреттілігін көтеру мақсатында семинар, практикалық сабақтар интербелсенді әдістермен жүргізілсін.

4-СТАНДАРТ. СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМ, ТАЛУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАЦИЯЛАУ

Талдау мен айғақтар

«5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына қабылданатын талапкерлерді педагогикалық қызметке бейімдігін анықтау мақсатында арнайы емтихан тапсыртады. Осыдан өткен талапкер ары қарай ҰБТ барады. Аталған мамандықты бітірген студент білім беру мекемелерінде, жалпы білім беретін және мамандандырылған орта мектептерде, колледжде қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі қызметін атқарады.

Мамандықтың Білім Бағдарламасы Дублиндік дескрипторларға сәйкес оқытудағы құзыреттілікке (А Дескрипторы- Білу және түсіну; В - Білім және түсіністікті қабылдау; С - шешім шығару, Д-қарым-қатынас қабілетін көрсету,



Е-өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі тану қабілеті), кәсіби және әлеуметтік құзыреттіліктерге негізделіп құрылған.

«5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында контингент саны барлық оқу түрі бойынша (күндізгі, сырттай, кешкі) 78 студент.

Университет орналасқан аймақтың (ОҚО) тұрғылықты халқының қазақ тілді екендігін ескерсек, бұл өте төмен көрсеткіш. Яғни, кафедрада аталған мамандық бойынша кәсіби бағдар жұмысының өз дәрежесінде өтпейтіндігін байқатады.

Мамандықтың үлгерім көрсеткішін бақылау ішкі аудит (сабақ өтуінің ай сайынғы көрсеткіші), ТБ (курс жұмысы, диплом жобалары және қорғау), деканат (басқарушылық шешімдерді оңтайландыру, үлгерім көрсеткіштерін талқылау), университеттің ғылыми кеңесі (аралық, қорытынды аттестатау қорытындыларын талқылау) деңгейінде жүргізіледі. Мониторингісі жүйелі жүргізіліп отырады.

2017-2018 оқу жылында «5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының бітірушілермен жүргізілетін ОЖСБ (ВОУД) көрсеткіші 66,4 %.

2016-2017 оқу жылындағы МАН-ның қорытындысы бойынша теориялық білімі мен практикалық дағдыларын, кәсіби құзыреттілігін көрсеткен 5 студентті магистратураға тапсырып, оқуын ары қарай жалғастыруға кеңес берілген.

Түлектерді жұмыспен қамту берілген есеп бойынша тұрақты өсіп келе жатқандығын дәлелдейді.

2016 жылдан бастап университет тарапынан жұмыс берушілерге бітіруші түлектердің даярлық деңгейінің қаншалық дәрежеде екендігін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілген. Сауалнама қорытындысы 85 % көрсетті.

Сонымен, университеттегі ағымдағы жұмыстарды, оған студенттердің өзінің тәуелсіз бағасын беру, әр пәнге байланысты сауалнама жүргізу арқылы мониторинг шығару жүйелі жолға қойылған. Мысалы: студент үлгерімінің орташа балы 2012-2013 ж -77%, 2013-2014 ж., 2014-2015 ж.- 93 %, 2015-2016, 2016-2017 жж.-95% -ды көрсетеді. Бұл көрсеткішті МАН –нің қорытындысынан да байқауға болады. Білім деңгейінің жоғарылығын көрсеткен 5 студентті білімін ары қарай жалғастыруға ұсынғандары (Жұмаш Жаным, Сапаш Жанерке, Нақыпбекова Аида, Өтеген Балжан, Аймаханбет Арайлым).

Түлектерді жұмыспен қамту тұрақты өсіп келеді. Дәлелі: 2013-2014 ж - 8 түлек, 2014-2015 ж – 14 түлек, 2015-2016 ж -14 түлек, 2016-2017 ж – 10 түлек жұмыспен қамтылған.

Ұтымды жақтары:

Білім алушылардың кәсіби біліктілігінің еңбек нарығы талабына сай болуы жұмыспен қамтылуына жақсы әсерін тигізген.



Студенттердің білімін бақылау мониторингісі үнемі жүргізіліп, құзырлы орындарда талданып отырады.

Университеттің әр саладағы сайты білім алушыға толықтай қызмет етеді. Білім алушы оқуға қабылданған кезеңнен бастап академиялық топтардың кураторлары ұйымдастыру жұмыстарын (оқу үдерісінің жүйесімен, университеттік құжаттармен (Университеттің Жарғысы, «Мирас» университетінде тәртіп пен мінез-құлық қауіпсіздігі ережелері, «Student Life» бағдарламасы, Студенттік ар-намыс кодексі) жүргізеді.

Бітіруші студент ББ бойынша 129 кредитті толық меңгеріп, кәсіби құзыреттілігін шыңдап шығады.

Университеттің қоғамдық іс-шаралары тікелей студенттің қатысуымен өткізіледі.

Ескерту:

5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша контингент төмен дәрежеде.

Ұсыныс:

5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы студенттерінің контингентін көтеру мақсатында кәсіби бағдар жұмыстары жоспарланып, жүзеге асырылсын.

5- СТАНДАРТ . ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАР ҚҰРАМЫ

Талдау мен айғақтар

«5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының ОПҚ құрамының ғылыми әлеуеті «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 2015 ж 17 маусымдағы № 391 бұйрығының (2016 ж 20 қыркүйектегі өзгерістері және толықтыруларымен) 50-тармағына сәйкес ғылыми әлеуеті 30% белгіленген нормативке сәйкес.

Оқытушының педагогикалық жүктемесі 8 сағаттық жұмыс күніне есептеліп, 750 сағатты құрайды. Оның 100 сағаты оқытушының ғылыммен, тәрбиемен айналысуы үшін жоспарланады. Кафедрада пәннің оқытушыға бекітілуі базалық біліміне қарай жүргізіледі.

ОПҚ ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау кезінде «Мирас университетінің ОПҚ ғылыми-зерттеу жұмысын іске асыру туралы ережені» басшылыққа алады.

Университетте мамандықтың ББ толық жүзеге асуы үшін оқу үдерісін жақсарту, жетілдіру мақсатында ЭП бойынша ПОӘК мазмұнын оқу материалдары ескірген жағдайда жаңартып отырылады.

«Мирас» университетінің 2016-2018 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарының негізгі бағыттарының бірі кадрлық әлеуетін дамыту болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында университетте «Мирас»



университеті оқытушыларының кәсіби шеберлік мектебі» шеңберінде ОПҚ курс тыңдайды.

Оқытушы құзыреттілігін арттыру мақсатында семинарлар өткізіліп тұрады. Мысалы, оқытушы А.К.Калжанова 23.01-04.02.2017 ж. аралығында Витаутас Магнус университеті ұйымдастыруымен өткен 120 сағаттық «Инновационные методы в обучении» атты семинарға, 27.04.-14..05.2017 ж. аралығынды Астана қаласындағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығынан 120 сағат көлемінде «Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде бастауыш сынып пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламалары» атты тақырыпта семинардан өткен.

ОПҚ жоспарға сай өзара сабақ, ашық сабақтары жүргізіліп отырады. Мысалы: Жақыпбеков Б.Ә. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәні. Бинарлық лекция, тақырыбы «Сөзжасамды оқытудың әдістемесі» т.б.

2016-2017 ж. «5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына сабақ жүргізетін оқытушыларды білім алушылар көзімен «Оқытушыны бағалау» сауалнамасын өткізген. Бұл сауалнаманың мақсаты маман дайындау сапасын жетілдіру, аттестаттау, лауазымға сайлау, жоғары рейтинг көрсеткен оқытушылардың жалақысын сараланған төлемақы жүргізу .

Сонымен, «5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына сабақ беретін ОПҚ педагогикалық жүктемелерінің бөлінуі ішкі ережеге сәйкес бір штаттық бірлік 750-ге тең. 1,25 пен 1,5 штаттық бірлікпен қызмет ететін оқытушылардың сағат жүктемесінің бөлінуі соған сай. Мысалы: Б.А.Жақыпбеков ф.ғ.к., доцент - 1038 сағат; Г.А. Алиева ф.ғ.к.,аға оқыт. -825; Ж.Ш.Тажимаева аға оқытушы – 1032 сағат; М.А.Усербаева аға оқытушы -1074; Д.М.Кистаубаева ф.ғ.к., доцент- 537; Е.С.Мезенцева ф.ғ.к.,аға оқыт. -930 сағат.

